


**ҚАЗАҚСТАН АВТОЖОЛ САЛАСЫН БАСҚАРУДАҒЫ ИНЖЕНЕР-
КЕҢЕСШІЛЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ *FIDIC* ФЕДЕРАЦИЯСЫ
(әдебиеттік шолу)**

Есентай Д.Е., Л.Б. Гончаров атыдағы ҚазАЖИ аға оқытушысы (Алматы қ.)
Омар А.Т., Л.Б. Гончаров атыдағы ҚазАЖИ магистранты (Алматы қ.)
Тұрқараев Н.Н., Л.Б. Гончаров атыдағы ҚазАЖИ магистранты (Алматы қ.)

Қазақстан автомобиль жолдарын жаңғырту мәселесі елімізді дамытуды 2050 жылға дейін стратегиясының маңызды артықшылықтарының бірі ретінде белгіленді. Бүгінде осы аталған стратегияға сәйкес қойылған міндеттерді дамыту үшін Қазақстанда автомобиль жолдарын мемлекеттік басқарудың құқықтық ұйымдастыру мен экономикалық негіздерін реттейтін жүйе мен нормативтік құжаттар олардың ішінде «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі №245-ІІ Заңы, «Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2008 жылдардағы тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 мамырдағы №726 қаулысы.

Жол басшылығының негізі ретінде жол шаруашылығының қоғамы маңыздылығын анықтауда және оның тиімді пайдалануында үш тиектік бағыттар анықталады (1-сурет) [21].



**1-сурет. Автожол саласын басқарудағы қаржыландыру
механизмінің орындалу бағыттары**

Экономикалық бағыттың мақсаты: өнімдер өндіру мен оларды тарату жолына көліктік құрамға қатысты шығындарды мүмкіндігінше азайту; жүк тасымалдаушылар мен жүк қабылдаушылар арасындағы бәсекелестікті нығайту; жүк пен көлік құралдарының сақталуын жетілдіру; біртұтас экономикалық кеңістік құру арқылы елдің экономикалық қауіпсіздігін жетілдіру [2].

Әлеуметтік бағыттың мақсаты: автомобиль жолдарындағы қозғалыс және экологиялық қауіпсіздіктерді сақтау; автомобиль жолдары аумағында тұратын халықтың тұрмыстық және салауаттылық өмірін нығайту.

Саяси бағыттың мақсаты: жағдайлы халықаралық беделдікті (имиджді) тұрақта ұстап тұру; халықаралық көліктік дәліздерді жетілдіру; әлемдік экономикамен сабақтасқан интеграциялық әрекеттерді дамыту.


Келесі кезеңде «Жол саласының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қазандағы №1527 қаулысымен мемлекеттік басқару қызметі «Автомобиль жолдары комитетіне» (АЖЖИҚК) жүктелді (2-сурет). Осы қаулы бойынша «Қазақавтожол» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (РМК) бір көзден қаржыландыру арқылы жалпы пайдаланымдағы республикалық маңыздылықтағы автомобиль жолдарын күтіп-баптау, көгалдандыру және ағымдағы жөндеу бағытындағы жұмыстарды атқаруға негізгі мердігер деп белгіленді.

«Жол саласын реформалау мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы №227 қаулысымен АЖЖИҚК 14 облыстық аумақтық органдары ұйымдастырылды. АЖЖИҚК облыстық басқармалары жол жұмыстарын жоспарлайды, тендрлер өткізеді, жұмыстарды қабылдауды ұйымдастырады. АЖЖИҚК бас басқармасының ұйымдастыру құрылымы сызықтық-қызметтік болып табылады (3-сурет). Аумақтық басқармалардың бар болуы комитет құрылымына дивизиялық түрдегі ұйымның белгілерін қосады. Автомобиль жолдарының облыстық басқармаларының құрылымдық үлгісі 4-суретте келтірілген.


Көлік және коммуникациялар министрлігі 2014 жылдың 6 тамызынан бастап Инвестициялар және даму министрлігінің құрылымдық бағыты болып бекітілді. Жаңа министрліктің құрамы бұрынғы 4 ведомствоның (Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, Байланыс және ақпарат агенттігі, Ұлттық ғарыш агенттігі) 68 құрылымдық бөлімшелердің орнына 25 құрылымдық бөлімшелер құрылды.



2-сурет. Автожол саласын басқару құрылымы




3-сурет. Автомобиль жолдары комитетінің құрамы



4-сурет – Автомобиль жолдарының облыстық басқармасы құрылымының үлгісі

Осы істерді түбегейлі шешу мақсатында Автомобиль жолдары комитетінде стратегиялық жоспарлау, нормативтік және ғылыми қамтамасыз ету, сапа сараптамасын ұйымдастыру қызметтері қайта қаралды. Комитет ендігі жерде қандай жолдарға қашан жөндеу жұмыстары жүргізілетінін жоспарлайды, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының сапасын бақылайды. Ал, конкурстарды ұйымдастыру, мердігерлерді анықтау, жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарымен «Қазавтожол» АҚ (5-сурет) айналысатын болады. Бірақ, олар салынған жолдарды қабылдамайды, жүргізілген құрылыс жұмыстарын FIDIC халықаралық ережелері негізінде жұмыс істейтін арнайы инженерлік қызметтер қабылдайды [3].



5-сурет. «Қазавтожол» акционерлік қоғамының құрылымдық үлгісі

Дамыған едджер тәжірибесінде мердігердің атқарған жұмысына ақы төлеу туралы шешімі FIDIC (инженер-консультанттардың халықаралық федерациясы) бойынша тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы келісім-шарт нұсқасында жүзеге асырылады. Мұндай үлгі бүгінде 80 елде қолданылуда, сондай-ақ, олар халықаралық қаржы институттарының қаражатына жол құрылысын жүргізген жағдайда қолдануға міндетті болып табылады.

FIDIC талаптарына сәйкес жобаны басқарумен айналысатын инженердің сәйкес еңбек тәжірибесі болуы шарт және ол конкурс негізінде таңдалып алынады. Ол жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының сапасына толығымен жауап береді, барлық техникалық шешімдерді шұғыл түрде қабылдайды, бір сөзбен айтқанда тапсырыс берушілерге жүктелген қызметтерді атқарады [4].

FIDIC талаптары бойынша атқарылған жұмысқа ақы төлеу туралы шешімді инженер қабылдайтын болғандықтан тапсырыс беруші мен мердігер арасында ешқандай қаржылық қарым-қатнас болмайды. Тағы бір маңызды мәселе, FIDIC шарттарында құрылыс жұмыстары мезгілінде басталмаса, мерзімінен кешіктіріліп тапсырылса, жол төсемелерінің сапасы нашар болса және т.б. жағдайларда айыппұл салу қарастырылған. Сондай-ақ, инженерлік қызметтің де жеке жауапкершілігі қарастырылған, тіпті қылмыстық жаза да қолданылуы мүмкін. Егер инженерлік қызмет тарапынан қандай да бір кемшілік жіберілген болса, олар аталған қызметті жүзеге асыру үшін берілген лицензиясынан айырылады [4-6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы автожол саласының 2006-2012 жылдардағы дамуы туралы Бағдарлама. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2006 ж. 9 желтоқсандағы №1227 қаулысы.
2. Ермаков В.А. Казахстан в современном мире. – Алматы: Қаржы-қаражат, 2006. – 120 с.
3. <http://inform.kz/kaz/article/2694068>.
4. <http://egov.kz/wps/portal/ications&>
5. Курс экономики: учебник. /под ред. профессора Б.А. Райзберга. – М.: ИНФОРМ-М. 1997. – 720 с.
6. Научно-исследовательскому институту транспорта и коммуникаций 50 лет. /Труды международных конференции.– Алматы: ТОО «Принт-S», 2006.– 312 с.